

«Болашақ қуаты» тақырыбындағы ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесі аясында

Қазақ елі әлемнің дамыған елдерінің қатарына айналу жолында көптеген белестерді басынан кешуде, қысқа уақыт ішінде экономикалық және әлеуметтік маңызы зор жобаларды қолға алып, әлемдік деңгейде бірқатар іс-шараларды өткізген болатын. Келесі белес 2017 жылы Елордасы Астанада өткізілетін ЭКСПО халықаралық мамандандырылған көрмесі болып отыр.

Осы көрме - жаңашыл ғылыми-техникалық жетістіктері, даму келешегі, сонымен қатар қатысушы елдердің тарихи-мәдени мұрасы көрсетілетін ірі әлемдік көрме болып табылады. Халықаралық көрмені өткізу нәтижесі - экономикалық, саяси, мәдени және ғылыми байланыстардың кеңейіп, нығаюы болып келеді.

ЭКСПО-2017 көрмесінің «Болашақ қуаты» тақырыбы ең үздік әлемдік қуат сақтау технологиясын, баламалы қуат көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелерін қолдануға мүмкіндік береді.

Осы ауқымды жобаны өткізу қарсаңында әралуан іс-шаралар өткізілуде, солардың бірі С.Торайғыров атындағы Павлодар облыстық біріккен әмбебап ғылыми кітапханасы мен Облыстық балалар мен жасөспірімдер туризмі және экология орталығының Америкалық мәдени орталығының негізінде өткізілген ақпараттық сағаты болды.

